

«ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты

1. Жалпы ережелер

1. Осы «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты (бұдан әрі - Саясат) «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) ішкі құжаттарына және Тредвей Комиссиясы (COSO) демеушілік ұйымдар комитетінің ережелеріне сәйкес әзірленді.

2. Саясат ішкі бақылау жүйесінің (бұдан әрі - ІБЖ) мақсаттарын, жұмыс істеу қағидаттарын және компоненттерін айқындайды.

3. ІБЖ Қоғамның өз мақсаттарын қамтамасыз етуге және қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді азайтуға бағытталған тиімді және ұтымды қызметке ықпал ететін процестер мен рәсімдердің, мінез-құлық нормалары мен іс-қимылдардың жиынтығы ретінде анықталады.

4. Саясат ішкі бақылауды үш негізгі саладағы міндеттерді орындау мақсатында ІБЖ субъектілері жүзеге асыратын процесс ретінде:

- 1) операциялық қызмет;
- 2) қаржылық есептілікті дайындау;
- 3) заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтауды анықтайды.

2. Ішкі бақылау жүйесінің мақсаттары

5. ІБЖ негізгі мақсаттары:

1) активтердің сақталуын және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

2) қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығын, сенімділігін және анықтығын қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік-техникалық құжаттарының, Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;

4) бизнес-процестердің тиімді жұмыс істеуін бақылау және Қоғам қызметінің нәтижелерін талдау;

5) Қоғамның оңтайлы ұйымдық құрылымын құруға жәрдемдесу болып табылады.

3. Ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу қағидаттары

6. Қоғамдағы ІБЖ келесі қағидаттарға негізделген:

1) үздіксіз жұмыс істеу - ІБЖ-ның тұрақты және тиісінше жұмыс істеуі Қоғам қызметіне теріс әсер ететін кез келген ауытқуларды Қоғамда уақтылы анықтауға және олардың болашақта пайда болуының алдын алуға мүмкіндік береді;

2) ІБЖ барлық субъектілерінің есептілігі - әрбір тартылған ІБЖ субъектісінің мақсаттарын және міндеттерін орындау сапасы мен уақтылығын басқа (жоғары тұрған) ІБЖ субъектісі бақылайды;

3) міндеттерді бөлу - Қоғам бақылау функцияларының қайталануына жол бермеуге ұмтылады және бұл функциялар Қоғамның лауазымды адамдары мен жұмыскерлері арасында сол бір тұлға белгілі бір активтермен операцияларды бекітуге, операцияларды есепке алуға, активтердің сақталуын қамтамасыз етуге және оларға түгендеу жүргізуге байланысты функцияларды біріктірмейтіндей етіп бөлінуге тиіс;

4) операцияларды тиісінше мақұлдау және бекіту (келісу) - Қоғам барлық қаржы-шаруашылық операцияларын Қоғамның уәкілетті органдары мен тұлғаларының өздерінің тиісті өкілеттіктері шегінде бекіту (келісу) тәртібін белгілеуге ұмтылады;

5) ІБЖ барлық субъектілерінің бақылау функцияларын тиісінше орындағаны үшін жауапкершілігі;

6) Қоғамның барлық органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің нақты өзара іс-қимылы негізінде ішкі бақылауды жүзеге асыру;

7) тұрақты даму және жетілдіру - ІБЖ икемді болуы және оны Қоғамның жұмыс істеуінің ішкі және сыртқы жағдайларының өзгерістеріне және туындаған жаңа міндеттерге бейімдеу мүмкіндігіне ие болатындай етіп құрылуы тиіс;

8) бақылаудың кез келген елеулі кемшіліктері мен әлсіз орындары туралы хабарламаларды уақтылы беру - Қоғамда бақылаудың кез келген елеулі кемшіліктері мен әлсіз жерлерін жою туралы шешім қабылдауға уәкілетті органдарға және/немесе адамдарға тиісті ақпаратты берудің барынша қысқа мерзімдері белгіленуге тиіс.

4. Ішкі бақылау жүйесінің компоненттері

7. COSO үлгісіне сәйкес Қоғамның ІБЖ келесі бес өзара байланысты компоненттерден тұрады:

- 1) бақылау ортасы;
- 2) тәуекелдерді бағалау;
- 3) бақылау рәсімдері;
- 4) ақпарат және коммуникация;
- 5) мониторинг.

8. Бақылау ортасы ІБЖ барлық компоненттерінің сәтті жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және келесі элементтерді қамтиды:

- 1) этикалық құндылықтар, корпоративтік мәдениет және басқару стилі;
- 2) ұйымдық құрылымы;

- 3) өкілеттіктер мен міндеттерді бөлу;
- 4) қаржы-шаруашылық операцияларын құжаттау және оларды ақпараттық жүйеде көрсету.

9. Тәуекелдерді бағалау тәуекелдерді басқару процесінде айқындалған әдістемелер мен рәсімдердің жиынтығына сәйкес жүзеге асырылады және қоғамның операциялық мақсаттарына қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін тәуекелдерді анықтауды және талдауды қамтамасыз етуге арналған.

10. Бақылау рәсімдері Қоғам басшылығының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ететін және бүкіл Қоғам аясында, оның барлық деңгейлерінде жүзеге асырылатын саясаттар мен рәсімдерді білдіреді.

11. Қоғамның ақпараттық қамтамасыз ету және коммуникациялар жүйесі қабылданатын шешімдерге ықпал ете алатын оқиғалар мен жағдайлар туралы толық және барабар ақпараттың болуын, ішкі бақылаудың барлық субъектілерінде қоғамда қабылданған ішкі бақылау саясаттары мен рәсімдерін түсінуді қалыптастыру және олардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында сатылас та, деңгейлес те байланыстарды қоса алғанда, ақпарат алмасудың тиімді арналарын құруды қамтамасыз етеді.

12. ІБЖ мониторингі келесі элементтерді қамтиды:

- 1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері, лауазымды адамдары мен жұмыскерлері қызметінің критерийлерін айқындау және тиімділігін бағалау;
- 2) бизнес-процестердің тәуекелге бағдарланған ішкі аудиті;
- 3) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің нақты көрсеткіштерінің жоспарлы көрсеткіштермен сәйкестігін талдау;
- 4) ІБЖ тиімділігін тұрақты бағалау.

5. Саясатты іске асыру механизмі

13. Саясатты іске асыру механизмі ІБЖ саласындағы Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалған.